

**Білім беру ұйымы** МККК «Алтын бесік» бөбекжайы

**Топ:** Ересек «Күн сәулелері» тобы

**Балалардың жасы** 4 жастағы

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2022-2023 оқу жылы

**Желтоқсан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<u>Желтоқсан</u>	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p><b>Жүру.</b> қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p><b>Тепе-теңдікті сақтау.</b> Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;</p> <p><b>Жүгіру.</b> 40–50 метрге жүгіру;</p> <p><b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу.</p> <p><b>Секіру.</b> . 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру;</p> <p><b>Лақтыру, домалату, қағып алу.</b> допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет);</p> <p><b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</b> араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p><b>Бірғақтық жаттығулар.</b> бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b></p> <p>Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p><b>Аяққа арналған жаттығулар</b></p> <p>Тізені бұғу, алға созу, қайтадан бұғу және түсіру.</p>

		<p>Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру..</p> <p><b>Спорттық жаттығулар</b> Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі.</b> Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру</b> «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.</p>
Сөйлеуді дамыту		<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор</b> Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p>
Көркем әдебиет		<p><b>Шығармашылық сөйлеу іс – әрекеті</b> шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес такпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p> <p><b>Шығармаларды қабылдау</b> Әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p><b>Оқу әңгімелеу</b></p>

		<p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p> <p><b>Мәнерлеп оқу</b> Өлең жолдарын жаттап, мәнерлеп оқуға баулу.</p> <p><b>Мазмұндау</b> Ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p><b>Театр дағдыларын дамыту</b> Образды бейнелеу үшін мәнерлік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p> <p><b>Моральдық нормалар түсінігі</b> көркем шығармаларды эмоционалды қабылдауға баулу.</p>
Математика негіздері		<p><b>Көп</b> теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын дамыту</p> <p><b>Саны, есебі</b> 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p><b>Шамасы</b> ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> еңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтауға, берілген бағыттағы қозғалысты анықтауға дағдыландыру.</p> <p><b>Уақыт бойынша бағдарлау</b> Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру		<p><b>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары</b> Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</b> Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну.</p> <p><b>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі</b> Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.</p>

		<p><b>Бала және оның отбасы, үйі</b> Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p> <p><b>Заттар әлемі</b> Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.</p> <p><b>Жол ережелері</b> Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау және т.б.) өзін дұрыс ұстауға үйрету.</p>
	Құрастыру	<p><b>Құрылыс материалдарының құрылысы</b> Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p> <p><b>Қағаз құрылысы</b> «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдан жасалған құрылыс</b> Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Конструктор бөлшектерінен құрастыру</b> құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады;</p>
	Сурет салу	<p><b>Заттық сурет салу</b> Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. <b>Сюжетті сурет салу</b> Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.</p> <p><b>Сәндік сурет салу</b> Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен</p>

	пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
Мүсіндеу	<p><b>Заттық мүсіндеу</b> Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.</p> <p><b>Сюжеттік мүсіндеу</b> ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p><b>Сәндік мүсіндеу</b> Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p>
Жапсыру	<p><b>Заттық жапсыру</b> текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды</p> <p><b>Сюжетті жапсыру</b> Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру</p> <p><b>Сәндік жапсыру</b> ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді;</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Ән айту:</b> Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айтуға дағдыландыру, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Билер:</b> Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> Шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшандық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>